

"Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғандығы үшін ай сайынғы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2003 жылғы 27 ақпандағы XXI-сессиясының шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XII сессиясының 2005 жылғы 28 қаңтардағы N 113 шешімі. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2005 жылғы 08 ақпанда N 643 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 164 шешімімен

Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008.12.22 N 164 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 7 бабына сәйкес III-сайланған Алматы қаласының Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғандығы үшін ай сайынғы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XXI-сессиясының шешімі мына мазмұндағы 1-1, 1-2 тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1. N 2 қосымшаға сәйкес темекі және темекі бұйымдарының сыртқы және көрнекі жарнамасын оларды сататын орындарда орналастыру және Алматы қаласының аумағында осындай орындарды белгілеу үшін ай сайынғы төлем мөлшерлемелерінің көлемдері бекітілсін, қоса беріліп отыр.

1-2. Темекі және темекі бұйымдарын орналастырудан түскен қаражат халықтың денсаулығын қорғау үшін пайдалануға, бюджет кірісіне жіберілсін."

2. Алматы қаласының әкіміне ұсынылсын:

- Алматы қаласында темекі және темекі бұйымдарының жарнамасын орналастырудың тәртібі мен шарттары туралы ережені әзірлеу мен бекіту;

- 2005-2007 жылдарға арналған "Алматыны темекі түтінінен арылту" Алматы өңірлік бағдарламасын әзірлеу және оны Мәслихаттың бекітуіне ұсыну.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссияға (А.И.Шелипанов) және Алматы қаласы бойынша Салық комитетінің төрағасы Қ.Е.Байеделовке жүктелсін.

*III-сайланған Алматы қаласы
Мәслихаты кезектен тыс XII-ші
сессиясының төрағасы*

*III-сайланған Алматы қаласы
Мәслихатының хатшысы*

"Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғандығы үшін ай сайынғы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы"

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2003 жылғы 27 ақпандағы XXIV-сессиясының шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" III-сайланған Алматы қаласы Мәслихатының 2005 жылғы 28 қаңтардағы кезектен тыс XII-сессиясының N 113 шешіміне қосымша

"Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғандығы үшін ай сайынғы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы"

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2003 жылғы 27 ақпандағы XXIV-сессиясының шешіміне N 2 қосымша

Темекі және темекі бұйымдарының сыртқы (көрнекі) жарнамасын оларды сататын орындарда орналастырғандығы және Алматы қаласының аумағында осындай орындарды белгілеу үшін айлық есептемелік көрсеткіштердегі (АЕК) Ай сайынғы төлемінің мөлшерлемелері

Жарнама түрі	Ай сайынғы төлем мөлшерлемесі
1. Сауда орындарындағы 1 ш.м.-ға дейінгі жарнама алаңы	60 АЕК
2. Сауда орындарындағы 1 ш.м.-дан жоғары жарнама алаңы	600 АЕК
3. Темекі және темекі бұйымдарының сауда орындарын белгілеуге арналған көлемі 1 ш.м. дейінгі жарнама нысанасы	500 АЕК

4. Темекі және темекі бұйымдарының сауда орындарын белгілеуге арналған көлемі 1 ш.м.-дан жоғары жарнама нысанасы	1000 АЕК
--	----------

*III-сайланған Алматы қаласы
Мәслихаты кезектен тыс XII-ші
сессиясының төрағасы*

*III-сайланған Алматы қаласы
Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК